«6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуге арналған Муйденова Алия Калжановнаның «Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау: қазіргі жағдайы мен келешегі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауаптардың біреуін белгілеу қажет)	Ресми рецензенттің ұстанымы (ескертулерді курсивпен белгілеу керек)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Сәйкес келеді
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі көрсету);	Диссертация авторы А.К. Муйденованың «Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау: қазіргі жағдайы мен келешегі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына» сәйкес ЖҒТК-ның 2023-2025 жылдарға арналған ғылымды дамытудың «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» атты басым бағытына толық сәйкес келеді.
		2)диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады** /қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған** /ашылмаған.	Диссертациялық жұмыста қорғауға ұсынылатын нәтижелер азаматтық іс жүргізу құқығындағы негізгі институттардың бірі - шетелдік

			тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарауды дамытуға елеулі үлес қосады. Атап айтсақ, азаматтық процестегі шетелдік тұлғалардың субъектілік құрамын толық ашады және авторлық классификациясын әзірлеген, шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қараудың нормативтік-құқықтық негіздерін талдай отырып, құқықшығармашылық бағытындағы нақты ұсынымдар жасаған. Шетелдік тұлғалардың қатсуымен азаматтық сот ісін жүргізудегі жазбаша дәлелдемелердің орнын нақтылай отырып, ресми және ресми емес жазбаша дәлелдемелерді анықтылығы, жеткіліктілігі тұрғысынан бағалауға мүмкіндік беретін тұстарын айқындаған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **<u>жоғары;</u>** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Ізденушінің таңдап алған тақырыпты жоғары деңгейде өз бетінше зерттеген. 256-дан астам ғылыми, ғылыми-әдістемелік, оқу әдебиеттерімен қатар, нормативтік актілер кеңінен талданған. Зерттеу нәтижесінде шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қараудың бүгінгі жағдайын зерттеп, оның келешегін дамытуға қатысты нәтижелерді диссертация авторы дербес әзірлеген және азаматтық іс жүргізу ғылымының соңғы даму тенденциясына сәйкес келеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **<u>негізделген;</u>** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация авторы А.К. Муйденова таңдап алған «Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау: қазіргі жағдайы мен келешегі» атты тақырып азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымындағы зерттелмеген, өзектілікке ие тақырып. Зерттеу жұмысының өзектілігі ҚР

			Президенті Қ.Тоқаевтың 2023 жылғы жолдауындағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық ахуалына жасалған талдаудағы 2023 жылдың өзінде елімізге 28 млрд доллардан астам шетелдік инвестиция келуімен, сыртқы сауданың осы жылдың өзінде 136 млрд доллардан асуымен, және де «Қазақстан Республикасының инвестициялық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына» сәйкес 2030 жылға дейін тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы құйылуы кемінде 100 млрд АҚШ доллары көлемінде тартумен, әлемдік инвестициялық кризис жағдайында 2025 жылғы I жартыжылдықтың қорытындысы бойынша Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы құйылуы 1,1 %-ға ұлғаюымен, сондай-ақ 2019 жылмен салыстырғанда 2025 жылы шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қараудың статистикасының ұлғаюымен негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмыс тақырыбының ашылуы оның мазмұнында толық айқындалған. Жұмыста шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қараудың теориялық-құқықтық және практикалық аспектілері кезегімен ашылып талданған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді;	Диссертациялық зерттеу жұмысының мақсаты болып шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді сотта қараудың теориялық және тәжірибесін зерттеу, оның тәжірибелік мәселелерін айқындау, оларды талдау,

		3) сәйкес келмейді	нәтижесінде процестік заңнаманы жетілдіруге бағытталған нақты тәжірибелік ұсыныстар беру болып табылады. Алға қойылған мақсатқа сәйкес зерттеудің міндеттерін шешу бірте-бірте жүзеге асырылған және нәтижеге қол жеткізген.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың мазмұнында қаралған әрбір бөлім келесі бір бөлімнің мазмұнының ашылуына және келесі бөлім алдыңғы бөлімнің тақырыбын ілгері зерттеуге бағытталып толығымен байланыста әзірленген. Ізденуші ұсынған ғылыми нәтижелер тиісті бөлімдерде тиісті дәлелге ие, жалпы ғылыми, жеке ғылыми және эмперикалық зерттеу әдістерінің кешенін қолдану арқылы қамтамасыз етілген.
		1) **толық байланысқан;**	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертациялық жұмыс мазмұнында келтірілген аргументтер мұқият сыни талдана отырып, нәтижесінде ізденуші ұсынымдар мен қорытындыларды қорғауға ұсынған. Ізденуші шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау мәселесіне қатысты бүгінгі таңға дейін қалыптасқан оның нормативтік негіздерін, ҚР АПК-не сәйкес процестік ерекшеліктерін және отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми ой-пікірлерін сыни талдай отырып, әрбір мселеге қатысты өз пікірін ұсынады.
		1) **сыни талдау бар;**	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	
		4) талдау жоқ	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Отандық азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымы саласында бұл ғылыми еңбек Қазақстан Республикасындағы шетелдік тұлғалардың қатысуымен қаралатын азаматтық істерді жан-жақты әрі жүйелі түрде талдауға бағытталған
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (25%-дан кем)	

			алғашқы зерттеулердің бірі болып саналады. Осы тұрғыдан алғанда, жұмыс мазмұнының өзектілігі мен ғылыми жаңалығы айқын көрінеді. Сонымен қатар диссертация аясында негізделген тұжырымдар мен ұсынылған негізгі қағидалар жаңа ғылыми нәтижелер ретінде бағалануға лайық деп есептейміз.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) **<u>толығымен жаңа;</u>** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа) 3) жаңа емес (25% -дан кем)	Диссертациялық жұмыста ұсынылған тұжырымдар өзінің мазмұны жағынан тың әрі бірегей сипатқа ие. Ізденуші бұл нәтижелерге шетелдік тұлғалардың қатысуымен қаралатын істерге қатысты бұрын қалыптасқан ғылыми пайымдарды жан-жақты саралап, оларды өзіндік ғылыми ізденіспен ұштастыру арқылы қол жеткізген. Соның негізінде автор дербес ғылыми қорытындылар жүйесін қалыптастырған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **<u>толығымен жаңа;</u>** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)	Диссертация авторы А.К. Муйденованың Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасын өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы одан әрі жетілдіруге бағытталған ұсыныстары айрықша қолдауға және жоғары бағалауға ие. Атап айтқанда, жазбаша дәлелдемелерді тану және оларды заңдастыру рәсімдерін нақтылау, ҚР АПК-нің 5-тарауының атауын қайта қарау, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау мен шешу кезінде заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысын қабылдау, сондай-ақ «Шет мемлекеттердің иммунитеті туралы» арнайы заң қабылдау жөніндегі

			ұсыныстар заң шығару техникасы тұрғысынан тың әрі негізді шешімдер болып табылады. Ұсынылған бастамалар шетелдік тұлғалардың сот әділдігіне еркін әрі тиімді қол жеткізуіне нақты ықпал етеді және де соттардың құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге және де сот төрелігіне сенімді арттыруға бағытталған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	**Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген** / негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін)	Зерттеу жұмысының қорытындылары ауқымды ғылыми және тәжірибелік дереккөздерді қамту, сондай-ақ шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істер бойынша статистикалық мәліметтер, сот шешімдеріне талдау жасау нәтижесінде алынған эмпирикалық мәліметтерді жан-жақты саралау негізінде тұжырымдалған. Осыған байланысты ұсынылған пайымдар жеткілікті деңгейде дәлелді әрі негізді деп бағалауға болады. Диссертацияның негізгі нәтижелері Scopus халықаралық дерекқорына енген және ҒЖБССҚК ұсынған ғылыми басылымдарда жарық көріп, ғылыми қауымдастық талқысынан өткен. Бұл өз кезегінде зерттеу тақырыбы бойынша жасалған тұжырымдардың ғылыми тұрғыдан дәйектілігін арттырып, олардың сенімділігін қамтамасыз еткен.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі тұжырымдар	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Тұжырым дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді;	**1-нәтиже.** Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық сот ісін жүргізудегі процестік ережелерді нақтылау мақсатында ҚР Жоғарғы Сотының Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау мен шешу кезінде заңнаманы қолдану мәселелері туралы

		4) дәлелденбеді 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес 7.3 Жаңа ма? 1) **ия;** 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **кең** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) **ия;** 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	нормативтік қаулысын қабылдауды ұсынамыз. 7.1 Қағидат дәлелденген. 7.2 жоқ. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалаларда дәлелденген. **2-нәтиже.** Шетелдік тұлғалардың қатысуымен жүргізілетін азаматтық сот ісін жүргізу жалпы және арнайы қағидаттардың негізінде қазақстандық және халықаралық құқықтың нормаларына сүйене отырып азаматтық істерді қарау мен шешуді іске асыратын халықаралық процестің бір бөлігі. Зерттеу нәтижесінде шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау мен шешудің арнайы қағидаттары қайта қаралып, қалыптастырылды. Мұндай қағидаттар ретінде: процестік әрекеттердің реттілігі қағидаты; шетелдік тұлғаларды заңдастыру қағидаты; шетелдік дәлелдемелерді заңдастыру қағидаты; шетелдерде жасалған сенімхаттарды заңдастыру қағидаты, шет елдерде жасалған соттық келісімдерді заңдастыру қағидаты; шетелде жасалған процестік әрекеттерді заңдастыру қағидаты; шетелдік соттардың шешімдерінің заңдастыру қағидаты. 7.1 Қағидат дәлелденген. 7.2 жоқ. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең.

			7.5 Мақалаларда дәлелденген. **3-нәтиже.** Азаматтық сот өндірісіндегі шетелдік тұлғалардың авторлық классификациясы ұсынылды. Оған сәйкес шетелдік тұлғалар: а) жеке тұлғалар – шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар, босқындар; ә) шетелдік ұйымдар – шетелдік заңды тұлғалар мен заңды тұлға құруды қажет етпейтін ұйымдар; б) шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар жатады. 7.1 Қағидат дәлелденген. 7.2 жоқ. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалаларда дәлелденген. **4-нәтиже.** Қолданыстағы заңнаманың ***қазақ*** және ***орыс тілдеріндегі*** нұсқаларын ***бірізділендіру*** және де ***іске қатысушы субъектілердің*** құрамын ***жалпы атауда толық*** айқындау мақсатында ҚР АПК 5-тарауының атауын қазақ тіліндегі нұсқасында **Іске қатысатын тұлғалар** деген атаумен өзгертуді ұсынамыз. 7.1 Қағидат дәлелденген. 7.2 жоқ. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалаларда дәлелденген. **5-нәтиже**. Шетелдік элементпен күрделенген

			азаматтық істерді қарауда босқындар категориясының мәртебесің айқындау мақсатында ҚР АПК 473-бабының 1-тармағына Шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар мсн босқындардың азаматтық процеске қабілеттілігі олардың жеке заңымен айқындалады деген *өзгеріс* енгізіп, осы бапты 4-1тармақпен *толықтыруды* ұсынамыз. 4-1-тармақты келесідей редакцияда ұсынамыз: 4-1. Босқындардың жеке заңы – ол оның тұрғылықты тұратын жері бар мемлекеттің заңы, бұлай болмаған жағдайда оның пана сұраған мемлекетінің заңы жеке заңы деп есептеледі. 7.1 Қағидат дәлелденген. 7.2 жоқ. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалаларда дәлелденген. **6-нәтиже.** Азаматтық құқықтық қатынастардың тең қатысушысы ретінде мемлекеттің, соның ішінде шет мемлекеттердің азаматтық дау туындаған жағдайда іске қатысушы ретіндегі азаматтық процестік тұлғасы анықтала түсуі тиіс. Теориялық зерттеулердің нәтижесінде абсолютті және функционалдық иммунитеттен бөлек, **шектеулі соттық иммунитет** ұғымының белгілері анықталып негізделді. Зерттеу нәтижесінде ҚР АПК сәйкес **шет мемлекеттер шектеулі соттық иммунитетті иеленеді** деген тұжырым негізделді. Шет мемлекеттердің

			шектеулі иммунитетін нақтылай түсу мақсатында **Қазақстан Республикасындағы шет мемлекеттің юрисдикциялық иммунитеті туралы** заң қабылдауды ұсынамыз. 7.1Қағидат дәлелденген. 7.2жоқ. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалаларда дәлелденген. **7-нәтиже.** Шетелдік жазбаша дәлелдемелерді бағалау мен тану дәлелдеудің маңызды элементтерінің бірі. Жазбаша дәлелдемелер ретінде актілер, құжаттардан бөлек, іскерлік және жеке сипаттағы хаттар да танылады. Шетелдіктердің қатысуымен азаматтық сот ісін жүргізуде ресми емес сипаттағы құжаттарды (іскерлік және жеке сипаттағы хаттар) заңдастырудың жалпыға ортақ тәртібін бекіту қажет. Осыған байланысты, ҚР АПК-нің 100-бабын 7-тармақпен толықтыру қажет деп санаймыз, онда шетел мемлекетінде алынған құжат, егер оның түпнұсқалылығы теріске шығарылмаса және ол белгіленген тәртіппен заңдастырылған болса, сотта жазбаша дәлелдеме ретінде танылатыны көзделуі тиіс. ҚР АПК 100-бабына ***толықтыруды*** біздің редакцияда ұсынамыз: **100-бап. Жазбаша дәлелдемелер 7. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген реттерде шет мемлекетте жасалған ресми және**

			ресми емес құжаттар апостиль қою жолымен куаландырылғанан кейін сотта жазбаша дәлелдеме ретінде танылады. 7.1 Қағидат дәлелденген. 7.2 жоқ. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалаларда дәлелденген. **8-нәтиже.** Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау мен шешуде шет мемлекет соттарымен шығарылған шешімдерді тану процесі маңызды. Осы себепті, мұндай процестің мазмұны зерттеліп, нақты тұжырымдар жасалды. Шетелдік сот шешімін тану дегеніміз ұсынылған шешімді оның анықтылығы, қатыстылығы, жарамдылығы және жеткіліктілігі тұрғысынан бағаланып заңдастыру қағидаты негізінде оның заңды күшін анықтау деген тұжырым қалыптасты. 7.1 Қағидат дәлелденген. 7.2 жоқ. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалаларда дәлелденген.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) **ия**; 2) жоқ	Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық сот ісін жүргізудің процестік заңнамада қалыптасуы мен эволюциялық дамуын зерделеу барысында автор бірқатар іргелі ғылыми әдістерге сүйенген. Атап айтқанда, құқықтық құбылыстарды олардың өзара байланысы мен

			қозғалысы аясында қарастыруға мүмкіндік беретін диалектикалық әдіс қолданылып, нормалардың пайда болуы мен өзгеру себептері жан-жақты талданған. Сонымен қатар тарихи әдіс арқылы азаматтық процестік заңнаманың әр кезеңдегі даму ерекшеліктері, құқықтық реттеудің трансформациясы мен сабақтастығы айқындалған. Формальды-логикалық әдіс құқықтық нормалардың құрылымын, мазмұнын және ішкі қисынын талдауға, ұғымдық аппараттың дәлдігін нақтылауға мүмкіндік берген. Ал процестік заңнаманың сот тәжірибесімен өзара байланысын зерттеу кезінде талдау және синтездеу әдістері кеңінен пайдаланылып, сот актілері мен құқық қолдану тәжірибесі жүйелі түрде сараланған. Бұған қоса, әлеуметтік әдістер арқылы мамандар мен тәжірибелі заңгерлердің пікірлері ескеріліп, статистикалық тәсілдер негізінде сандық көрсеткіштер мен іс жүргізу динамикасы зерделенген. Бұл өз кезегінде теориялық тұжырымдарды тәжірибелік деректермен ұштастыруға жағдай жасаған. Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық іс жүргізудің халықаралық тәжірибесін қарастыру барысында салыстырмалы-құқықтық әдіс қолданылып, әртүрлі мемлекеттердің құқықтық реттеу үлгілері өзара салыстырылған. Нәтижесінде ұлттық заңнаманың артықшылықтары мен жетілдіруді қажет ететін тұстары айқындалып, тиімді құқықтық шешімдерді қабылдауға негіз болатын

			тұжырымдар жасалған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) **ия**; 2) жоқ	«Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау: қазіргі жағдайы мен келешегі» тақырыбындағы диссертациялық зерттеудің нәтижелері ғылыми ізденістерді жүргізудің заманауи тәсілдеріне сүйене отырып алынған. Атап айтқанда, зерттеу барысында компьютерлік технологиялар кеңінен қолданылып, мәліметтерді жинау, жүйелеу, өңдеу және талдау процестері цифрлық құралдар арқылы жүзеге асырылған. Сонымен қатар алынған деректерді саралау кезінде ақпаратты статистикалық өңдеу, нәтижелерді салыстыру, визуализациялау және интерпретациялаудың қазіргі әдістемелері пайдаланылған. Бұл зерттеу қорытындыларының дәлдігі мен объективтілігін қамтамасыз етіп, жасалған тұжырымдардың ғылыми негізділігін арттыруға мүмкіндік берген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) **ия;** 2) жоқ	Диссертацияда ұсынылған теориялық тұжырымдар мен нақты заңнамалық ұсыныстар сот практикасында болуы мүмкін эксперименттік зерттеулерді визуализациялау жолымен дәлелденген. Бұл диссертацияда ұсынылған ғылыми ережелер мен тұжырымдарды сенімді және негізделген деп санауға мүмкіндік береді. Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарауға талдауға қатысты, зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен қайталануын қамтамасыз ету үшін сандық деректер статистикалық әдістерді пайдалану арқылы объетивтілік пен дәлдікті қамтамасыз ету

			мақсатында өңделген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған	Зерттеу жұмысында келтірілген маңызды тұжырымдар мен қағидалар заманауи, ғылыми қауымдастықта мойындалған және сенімді дереккөздерге сүйене отырып негізделген. Автор өз пайымдауларын дәлелдеу барысында отандық және шетелдік беделді ғалымдардың еңбектеріне, соңғы жылдары жарық көрген ғылыми мақалаларға, монографиялар мен ресми жарияланымдарға сілтеме жасаған. Бұл өз кезегінде диссертацияда ұсынылған ой-пікірлердің кездейсоқ емес, ғылыми айналымда бар, тексерілген және өзектілігі дәлелденген әдебиеттерге арқа сүйейтінін көрсетеді. Соның нәтижесінде зерттеудің теориялық базасы нығайып, негізгі тұжырымдардың дәйектілігі мен сенімділігі қамтамасыз етілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыста мәселені ғылыми тұрғыдан дамыту үшін зерттеу тақырыбы бойынша жеткілікті деп есептелінетін 185 ғылыми дереккөздер тізімі қолданылған.
9.	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) **ия;** 2) жоқ	Аталған диссертациялық зерттеу айқын теориялық маңызға ие. Жұмыс аясында қол жеткізілген ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымын одан әрі дамытуға, оның жекелеген институттарын тереңірек зерделеуге берік негіз қалыптастырады. Диссертант ұсынған ғылыми пайымдар мен қорытындылар азаматтық процестің жекелеген құқықтық тетіктерін қайта қарастыруға, оларды жүйелеуге және теориялық тұрғыдан жетілдіруге

			мүмкіндік береді. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері болашақтағы ғылыми ізденістерге бағыт-бағдар беріп, азаматтық іс жүргізу құқығы саласындағы жаңа тұжырымдамалар мен ғылыми көзқарастарды қалыптастыруда әдіснамалық база ретінде пайдаланылуы ықтимал.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **ия;** 2) жоқ	Бұл зерттеу жұмысының құндылығы тек теориялық пайымдаулармен шектелмей, оның нақты құқық қолдану саласына тікелей ықпал ете алу мүмкіндігімен ерекшеленеді. Диссертацияда тұжырымдалған ойлар мен ұсыныстар азаматтық процестік заңнаманы жаңғырту және оны заманауи талаптарға бейімдеу барысында тиімді құрал бола алады. Атап айтқанда, халықаралық соттылық мәселелерін айқындау, шетелдік тұлғаларды тиісті түрде хабардар ету тәртібін жетілдіру, дәлелдемелерді ұсыну мен бағалау тетіктерін нақтылау, сондай-ақ құжаттарды тану және сот шешімдерін орындау рәсімдерін оңтайландыру бағытындағы ұсыныстардың практикалық маңызы зор. Бұл бастамалар құқық қолдану тәжірибесін біріздендіруге және шетелдік элементі бар азаматтық істерді қарау сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері сот органдарының қызметінде, құқық қорғау және адвокаттық тәжірибеде қолданылуы ықтимал. Диссертация материалдарын жоғары оқу орындарында «Азаматтық іс жүргізу құқығы» және «Халықаралық жеке құқық» пәндері бойынша дәрістер әзірлеуде, оқу құралдары мен

			әдістемелік нұсқаулықтар дайындауда пайдалану да тиімді болмақ.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) **толығымен жаңа**; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)	Пікір берілген диссертация аясында ғылыми нәтижелер мен ережелердің толығымен жаңалығын тануға болады, өйткені олардың барлығы дерлік ғылымда бұрын тұжырымдалған нәтижелер мен ережелерді қайталамайды.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу деңгейі жоғары талаптарға толық сәйкес келеді. Зерттеу мәтіні ғылыми стиль нормаларын сақтай отырып, жүйелі, логикалық бірізділікпен баяндалған. Автор ойды нақты әрі дәл жеткізіп, терминологиялық аппаратты орынды және бірізді қолданған. Сонымен қатар жұмыста ғылыми дәйектілік, тұжырымдардың негізділігі және әдеби дереккөздерге сауатты сілтеме жасау мәдениеті айқын көрініс тапқан. Бұл диссертацияның мазмұндық сапасымен қатар, оның академиялық рәсімделу деңгейінің де жоғары екенін көрсетеді.
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертациялық жұмысқа қатысты ескертулер мен кемшіліктер жоқ.	Диссертациялық жұмысқа, оның нәтижелеріне қатысты ескертулер және елеулі кемшіліктер анықталмады. Диссертациялық жұмысты сыни тұрғыдан қарау нәтижесінде оның жоғары теориялық және тәжірибелік деңгейде жазылғаны байқалды. Дегенмен де, жұмыстың мазмұнын ғылыми және теориялық, сондай-ақ практика тұрғысынан байыта түсу мақсатында төмендегідей ұсыныстарды береміз: 1) шетелдік тұлғалардың қатысуымен істерді

			қарауға байланысты ұғымдық аппаратты әлі де нақтылай түсу қажеттігі анықталды; 2) автордың шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қараудағы аудармашының маңызын зерттеп, оның құқықтық мәртебесін жеке заңда бекіту қажет деген ұсынысы елеусіз қалған. Біздің ойымызша аталмыш ұсыныс мән беруге тұрарлық және теориялық тұрғыдан жетілдіре түсуді және практикалық мәліметтермен дәлелдене түсуді талап етеді. Оның нәтижесінде аудармашының қос тілді меңгеру деңгейі мен мәртебесінің мазмұнына қатысты критерийлер толық сипатталады. Мысалы, арнайы лингвистикалық білімінің болуы, соның ішінде заң терминологиясын меңгеруі, оны анықтаудың критерийлері, белгілі бір жасқа толуы және т.б. Жалпы алғанда, аталған ескертпелер ұсыныстық сипатта және диссертациялық жұмыстың ғылыми деңгейін одан әрі жетілдіруге ғана әсер етеді. Автор диссертациялық зерттеуде алдына қойған мақсат пен міндеттеріне толық жеткен және алдағы ғылыми ізденістер үшін берік теориялық негіздер қалыптастырды.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми	Диссертацияның негізгі ережелері мен қорытындылары, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің жекелеген нәтижелері шетелдік және отандық ғылыми басылымдардағы 8 ғылыми мақалада, оның ішінде Scopus базасындағы халықаралық рецензияланатын басылымдарда - 1, уәкілетті органмен ұсынылған ғылыми басылымдарда – 4, сондай-ақ халықаралық конференция жинақтарында 3 мақала жарияланған. Жарияланған мақалалардың барлығы да жоғары деңгейде зерттелген ғылыми еңбек болып табылады және дисстератциялық жұмыс	

	рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	нәтижелері осы мақалаларда ғылыми қауымдастық талқысынан өткен.
13.	Ресми ренцензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Муйденова Алия Калжановна дайындаған «Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау: қазіргі жағдайы мен келешегі» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы тұжырымдамалық тұрғыдан үйлесімді, теориялық талдауы терең және практикалық мәні зор. Жұмыс философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қойылатын барлық талаптарға сай келеді. Сол себепті, оны «6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін оң бағалауға негіз деп санауға болады.

Рецензент:
заң ғылымдарының кандидаты,
С. Аманжолов атындағы Шығыс
Қазақстан университетінің
қауымдастырылған профессоры **Рамазанова А.С.**